

«Жинақ Банкі» АҚ ЕБ-де жеке тұлғаларға  
банктік қызмет көрсетудің жалпы талаптарына  
**3 Қосымша**

## **САЛЫМДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ ТАЛАПТАРЫ**

**1.** Осы Талаптар жеке тұлғаларға Жинақ шоттар ашу және шотқа қызмет көрсетудің шарттары мен тәртібін анықтайды және «Жинақ Банкі» АҚ ЕБ-де жеке тұлғаларға банктік қызмет көрсетудің жалпы талаптарының (бұдан әрі – Жалпы талаптар) ажырамас бөлігі болып табылады. Салымдарды орналастыру талаптарында қарастырылмаған барлық мәселелерді Тараптар Жалпы талаптарды басшылыққа алады. Салымдарды орналастыру талаптарында Жалпы талаптардың 2 бабында қарастырылған түсініктер (терминдер мен анықтамалар) қолданылады.

**2.** Қазақстан Республикасы (бұдан әрі – ҚР) заңнамасына сәйкес Жинақ шоттарындағы ақша қалдығы жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) міндетті кепілдендіру (сақтандыру) нысаны болып табылады.

**3.** Қашықтан қызмет көрсету арналары (Банктің өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғылары, СБОЛ/МСБОЛ жүйесі, Банктің байланыс орталығы, SMS-БАНКИНГ) арқылы банктік операциялар, оның ішінде Жинақ шоты бойынша банктік операциялар жүргізу бойынша қызметтер ұсыну тәртібі Жалпы талаптарда анықталған.

**4.** Банк қолданыстағы сыйақы мөлшерлемесінің өзгергені туралы және Салымның жекелеген түрлерін қабылдауды тоқтату/тоқтата тұру жөніндегі хабарламаларды халық салымдары бойынша операцияларды жүзеге асыратын филиалдар мен құрылымдық бөлімшелердің жайларында орналастырылған ақпараттық стендтерде, сонымен қатар, Банктің ресми сайтында орналастырады: [www.sberbank.kz](http://www.sberbank.kz).

### **5. Салым ашу.**

**5.1.** Жалпы талаптар аясында Клиент Жинақ шот ашу үшін Банкке құжаттар пакетін ұсыну және Салымға ақша орналастыру шартына (бұдан әрі – Салым шарты) қол қою арқылы, Банк белгілеген формада жүгінуге құқылы.

**5.2.** Банк Клиентке Жинақ шотты Жалпы талаптардың ережелерін сақтай отырып ашады. Салым шарты салым сомасы (ақша) Жинақ шотқа түскен сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

**5.3.** Жинақ шоты бойынша операциялар (Салым бойынша сыйақы есептеу, Салымды алу, оның ішінде жартылай алу және Салым шартында қарастырылған өзге жағдайларда) Ағымдық шот немесе Төлем картасы шоты арқылы жүзеге асырылады. Ағымдық шот/Төлем картасы шотын ашу тәртібі мен талаптары Жалпы талаптарда қарастырылған.

**5.4.** Клиентке Жинақ шот ашу кезінде, Клиенттің қаражатын есепке алу үшін Банк жеке сәйкестендіру кодын (бұдан әрі «ЖСК») береді, ол Клиенттің банктік шотыны нөмірі болып табылады және Банк Жинақ шотына қызмет көрсетуді ҚР заңнамасына және Жалпы талаптарға сәйкес жүзеге асырады.

**5.5.** Клиент СБОЛ/МСБОЛ қызметіне қосылған (қосылу талаптары Жалпы талаптарда анықталған) жағдайда, Жинақ шотын Жалпы Талаптарға сәйкес Клиенттің жеке басын анықтау және растау құралдарын қолданып, СБОЛ/МСБОЛ арқылы ашуға болады.

Жинақ шотын ашу кезінде СБОЛ/МСБОЛ-да Банк анықтаға форма бойынша тиісті Салым шарты әзірленеді. Жалпы талаптарда белгіленген Клиенттің жеке басын анықтау және растау құралдары көмегімен, СБОЛ/МСБОЛ арқылы Клиент мұндай Салым шартының жасалуын растайды (акцепттейді). СБОЛ/МСБОЛ арқылы жасақталған және Клиентпен акцептелген Салым шарты Клиенттің жеке басының жүйеде дұрыс анықталуы мен расталуын көрсетеді және Банк пен Клиент арасында тиісті Салым шарты жасалғанын растайтын құжат болып табылады.

5.6. СБОЛ/МСБОЛ-да Жинақ шот ашуға техникалық мүмкіндік болмаған жағдайда, Банк Клиентті СБОЛ/МСБОЛ-да Жинақ шот ашудан бас тартатыны туралы СБОЛ/МСБОЛ арқылы хабарландырады.

5.7. Клиент СБОЛ/МСБОЛ арқылы жасалған Салым шартының Банктің Жинақ шот ашу туралы белгісі бар қағаз бетіндегі бір данасын Банк бөлімшесінде алуға құқылы.

5.8. Салым шартында келесілер анықталады: Салым түрі, Салым сомасы (оның ішінде, төмендетілмейтін қалдық сомасы және Салым талаптарымен қарастырылған минималды Салым сомасы), Салым валютасы, Салым мерзімі, сыйақы мөлшерлемесі және Салым бойынша жылдық тиімді мөлшерлеме, Клиенттің жеке сәйкестендіру коды, сондай-ақ өзге Салым талаптары.

#### **6. Салымдар бойынша операциялар.**

6.1. Жинақ шотты толықтыру (Жарна) тиісті Салым шартында қарастырылған жағдайда мүмкін және сол шарттың талаптарында жүргізіледі. Толықтыру (Жарна) қолма-қол және қолма-қол ақшасыз жолмен жүзеге асырылады (Банк кассаларында, өзге банктік шоттан аудару арқылы, Банктің техникалық мүмкіндігі болған жағдайда: СБОЛ/МСБОЛ, Өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғылары және Банк белгілеген өзге тәсілдер арқылы).

6.2. Егер Салым шартында қаражатты жартылай алу қарастырылған болса, онда Салымнан қаражатты жартылай алуға Төмендетілмейтін қалдық сомасы сақталған жағдайда рұқсат етіледі, оның мөлшері Салым шартында көрсетіледі. Бұл жағдайда алынатын қаражат сомасы алдымен соңғы Жарна сомасын және одан кейін келесі кезектегі Жарналарды төмендетеді.

Салым сомасын жартылай алу және/немесе толық алу тиісті Салым шартында қарастырылған болса, онда олар Жинақ шотынан Банкте ашылған Ағымдық шотқа немесе Төлем картасы шотына аудару арқылы жүзеге асырылады. Жинақ шотынан қаражатты Ағымдық шот/Төлем картасы шоты валютасынан өзге валютада аударған жағдайда, аударым сомасын айырбастау – операция жүргізілетін сәтте Банкте қолданылатын валютас курсы бойынша жүзеге асырылады және айырбастау үшін комиссия Тарифтерде белгіленген мөлшерде бірге ұсталады.

6.3. Жинақ шотынан СБОЛ/МСБОЛ-да ақша аудару Жалпы талаптарға және Салым шартына сәйкес мүмкін.

6.4. Клиент нұсқауды (төлем құжатын) ҚР заңнамасында белгіленген талаптарға және Жалпы талаптарға сәйкес ұсынады немесе төлем құжатын қайтарып алады. Нұсқау қағаз бетінде немесе СБОЛ/МСБОЛ-да ұсынылуы мүмкін. Клиенттің төлем құжатын қайтару туралы өкім Банкке қайтарылатын нұсқау қандай түрде берілсе, сондай түрде ұсынылады. Нұсқауды орындауды тоқтата тұру/ төлем құжатын қайтарып алу тек Банк Клиенттің нұсқауын (төлем құжатын) орындағанға дейін ғана мүмкін.

6.5. Клиенттің төлем тапсырмасы түріндегі қағаз бетіндегі немесе тұрақты өкім түріндегі қағаз бетіндегі нұсқауларын, төлем құжатын қайтару туралы қағаз бетіндегі нұсқауын Банкке Клиент жеке өзі немесе нотариалды куәландырылған сенімхат негізінде әрекет ететін өзге тұлға ұсынуы тиіс. Рұқсат етілмеген төлемдерден қорғаныс әрекеті ретінде Банк қызметкері нұсқаудағы қолды Клиенттің жеке куәлігіндегі қолмен сәйкес келуін визуалды түрде қадағалайды. Олар ұқсас болған жағдайда, рұқсат етілмеген төлем үшін Банк жауапты болмайды.

6.6. Қашықтан қызмет көрсету арналары арқылы нұсқау ұсыну және төлем құжатын қайтару Клиенттің жеке басын анықтау және растау сәтті жасалған жағдайда жүзеге асырылады. Клиенттің нұсқауын (төле құжатын) акцепттеу Клиенттің Жинақ шотын дебеттеу болып табылады. Банктің Клиенттің төлем құжатындағы белгісі (штампы) төлем құжаты Банкке келіп түскенін растайды және нұсқауды акцепттеу болып табылмайды.

6.7. Банк Клиенттің төлем тапсырмасы арқылы ұсынылған нұсқауы Клиенттен нұсқау келіп түскен операциялық күні орындалуын қамтамасыз етеді, бұған ҚР заңнамасында қарастырылған жағдайлар жаспайды. Егер Клиенттің төлем тапсырмасы арқылы

ұсынылған нұсқауы Банкке операциялық күн өткеннен кейін келіп түскен жағдайда, нұсқау Банкке келесі операциялық күні келіп түскен болып есептеледі. Банк Клиенттің СБОЛ/МСБОЛ арқылы ұсынылған нұсқауы Клиент оны іске қосқан күні орындалуын қамтамасыз етеді, бұған ҚР заңнамасында қарастырылған жағдайлар жаспайды.

6.8. Жинақ шотынан 5 000 000 (Бес миллион) теңгеге, 15 000 (Он бес мың) АҚШ долларына, еуроға және 1 000 000 (Бір миллион) Ресей рубліне тең немесе одан көп сомада қолма-қол ақша алар кезде, валюта түріне байланысты, аталған сомаларда ақша ұлттық валютада алынады деп жоспарланған күннен кем дегенде 2 (екі) жұмыс күні бұрын және ақша шетел валютасында алынады деп жоспарланған күннен кем дегенде 3 (Үш) жұмыс күні бұрын Банк бекіткен формада Қолма-қол ақшаға алдына-ала тапсырыс беру жөніндегі тиісті өтінішті Банкке алдын-ала ұсыну қажет.

Мүмкіндік болған жағдайда Банк қолма-қол ақшаны Қолма-қол қашға алдын-ала тапсырыс беру жөнінде Өтініш келіп түскен күні беруі мүмкін.

6.9. Төлем қызметі көрсетілуі фактін растау мақсатында, Банк Клиенттің талап етуімен құжатты (шот бойынша үзінді көшірмені) қағаз бетінде немесе телекоммуникация желісі арқылы ұсынады.

Тиісті мүмкіндіктер болған жағдайда, Банк СБОЛ/МСБОЛ көмегімен Жинақ шот бойынша келесідей ақпараттық қызметтер ұсынады: шот бойынша үзінді көшірме, Жинақ шотындағы ағымдық қалдық мөлшері туралы ақпарат, Жинақ шотынан салымды орналастыру талаптары мен Салым шарты талаптарын (төмендетілмейтін қалдық) бұзбай, алуға болатын (егер тиісті Салым шартында жартылай алу қарастырылған болса) максималды сома мөлшері туралы ақпарат ұсыну.

6.10. Клиент Салымды немесе Салымның бір бөлігін Салымшының немесе үшінші тұлғаның міндеттемелерін қамтамасыз ету ретінде Банкке кепілге ұсынуға құқылы, бұл тиісті Келісімді және Ақша кепіл салымы шартын жасау арқылы жүзеге асырылады.

## **7. Салымдағы ақшаға сыйақы есептеу тәртібі.**

7.1. Салым шартында белгіленген сыйақы мөлшерлемесі Салым бойынша барлық қосымша жарналарға қолданылады және, егер Салым шартында басқасы қарастырылмаса, Салымның бүкіл мерзімі бойына өзгеріссіз қалады.

7.2. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес есептеледі және Салым шартында көрсетіледі.

7.3. Сыйақы үтірден кейін екі ондық таңбаға дейін дөңгелектеуді ескере отырып, күн сайын Салымда ақша немесе Салымда Жарна іс-жүзінде болған нақты күн санына есептеледі, егер Салым шартында басқаша қарастырылмаса, осындай Жарна салымда кем дегенде 1 (бір) күнтізбелік ай болуы тиіс. Егер Салым шартында басқаша қарастырылмаса, Сыйақы есептеген кезде бір айдың күн саны айдағы іс-жүзіндегі күн санына тең алынады, жыл 365 (үш жүз алпыс бес) күнге тең деп қабылданады.

7.4. Егер Салым шартында басқаша қарастырылмаса, онда әр Жарна бойынша есептелген сыйақыны төлеу / капиталдандыру (егер Салым шартында қарастырылған боса) Жарна Салымда болған әр айдың Салым ашылған күнмен бірдей күнінде жүзеге асырылады. Егер Салым шартында басқаша қарастырылмаса, Жарна бойынша есептелген сыйақыны кезекті төлеу/капиталдандыру күні Жарна Салымда болғанына 1 (бір) күнтізбелік айдан кем уақыт өткен жағдайда мұндай Жарна бойынша сыйақы келесі Жарна бойынша есептелген сыйақыны кезекті төлеу/капиталдандыру күні осы Жарнаның Салымда болған нақты мерзімін есепке ала отырып төленеді / капиталдандырылады.

7.5. Егер Салым шартында есептелген сыйақының капиталдандырылуы қарастырылған болса, онда ол Салым сомасын Салым шартында анықталған мерзімге арттырады.

7.6. Егер Салым шартында қаражатты жартылай алу қарастырылған болып, Салымнан ақша жартылай алынған жағдайда, Салымның алынатын бөлігіне есептелген сыйақы Салым шартында қарастырылған тәртіпте қайта есептеледі.

7.7. Салымшы Салымнан қаражатты мерзімінен бұрын талап еткен жағдайда, сондай-ақ

ҚР заңнамасында қарастырылған негіздер бойынша Салым толық не жартылылай алынған жағдайда, Салымда қалған қаражат сомасы Төмендетілмейтін қалдық сомасынан аз болса, Салым шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған болып саналады. Бұл ретте Салым бойынша сыйақы қайта есептеледі және Салым шартында қарастырылған тәртіпте есептеледі.

7.8. Егер Салымшыға сыйақы бұған дейін Салым сомасынан бөлек, Салым шартында белгіленген кезеңділікпен төленген жағдайда, Салым мен есептелген сыйақы, жасалған қайта есептеуді ескере келе, Салымшы бұрын алған сыйақы сомасын ұстау (алып тастау) арқылы төленеді.

7.9. Салымшы Салым сомасын талап етпесе (егер Салым шартында мерзімді автоматты түрде ұзарту қарастырылмаған болса), онда Салым шарты талап етілгенге дейінгі салымның шарттарында мерзімі ұзартылған болып есептеледі.

7.10. Егер Салым шартында мерзімді автоматты түрде ұзарту қарастырылмаған болса, Салым мерзімін ұзарту Банк осындай Салым түріне ақша қабылдауды тоқтату туралы шешім қабылдаған сәтке дейін шексіз рет жасалады. Егер Салымшы Салым сомасын соңғы мерзімді ұзарту жүргізілгеннен соң (бұл Салым түріне қаражат қабылдау тоқтатылған кезде) талап етпесе, онда Салым шарты талап етілгенге дейінгі салымның шарттарында мерзімі ұзартылған болып есептеледі.

7.11. Егер Салым шартында мерзімді автоматты түрде ұзарту қарастырылған болса, онда:

7.11.1. Салымның алғашқы мерзіміне есептелген сыйақы Салым сомасын ұлғайтпайды (капиталға айналмайды);

7.11.2. сыйақы Салым сомасына Салымның алғашқы мерзімі біткен күннен бастап Банк мұндай мерзімін ұзарту күні осы Салым түрі үшін бекіткен сыйақы мөлшерлемесі бойынша есептеледі.

7.11.3. ұзартылған мерзім бойы сыйақы мөлшерлемесі ұзартылған тиісті мерзім бойын өзгеріссіз қалады.

7.12. Егер Салым шартында айырбастау қарастырылған болса, онда:

7.12.1. Салымның барлық сомасын Салымның бүкіл мерзімі ішінде сыйақы мөлшерлемесі қолданылған және айырбастау күні осы валютадағы Салым үшін қарастырылған төмендетілмейтін қалдық сомасы туралы талаптар сақталғанда, осы Салымның басқа валютасына шектеусіз айырбастауға рұқсат етіледі. Салымның барлық сомасы Клиенттің тиісті нұсқауының негізінде валюта бағамына және Банкте айырбастау сәтінде қолданыста болған Банктің тарифтеріне сәйкес, егер Банктің осындай мүмкіндігі болса, айырбасталады. Айырбастау жүргізілген соң Салымның бұрынғы валютадағы шоты жабылады.

7.12.2. Салымда жатқан ақша сомасына сыйақы айырбастау күніне дейін айырбастау күні осы валютадағы Салым үшін қарастырылған сыйақы мөлшерлемесі бойынша есептеледі, бұл ретте айырбасталған соң басқа валютадағы Салымда жатқан ақша сомасына сыйақы айырбастау күнінен бастап, бұл сома осы валютадағы Салымда болған нақты күн санына осы валютадағы Салым үшін қарастырылған сыйақы мөлшерлемесі бойынша есептеледі.

## **8. Салымды қайтару және сыйақыны төлеу.**

8.1. Есептелген сыйақыны төлеу/капиталдандыру Салым шартына сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Банк Салымды қайтаруды және есептелген сыйақыны төлеуді Салымшының немесе нотариалды куәландырылған сенімхат негізінде тағайындалған Сенімді тұлғасының бірінші талап етуімен оның ҚР қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіпте және жүргізеді.

8.3. Банк Салымды қайтаруды және есептелген сыйақыны төлеуді Салымшының Ағымдағы шотына немесе Төлем картасы Шотына Жалпы талаптарда және Салым шартында белгіленген мерзімде және талаптарда жүргізеді. Сыйақыны төлеу/капиталдандыру күні жұмыс емес (демалыс/мереке) күнге түссе, онда есептелген сыйақыны төлеу/капиталдандыру жұмыс емес күннен кейінгі бірінші жұмыс күні жүзеге

асырылады.

8.4. Салымды мерзімінен бұрын толығымен немесе жартылай қайтару тиісті Салым шартына, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі. Салымшы Салымды мерзімінен бұрын талап еткен жағдайда, Салымшы Банкке Салымды мерзімінен бұрын жабуды болжаған күнге дейін тиісті Салым шартында қарастырылған мерзімде хабарлауға міндетті. Салымшы Банкке Салымды мерзімінен бұрын толығымен немесе жартылай талап ету туралы алдын ала хабарламаған жағдайда, Банк Салымды немесе оның бір бөлігін Салымшының талабын алған сәттен бастап тиісті Салым шартында қарастырылған мерзімде беруді міндетіне алады. Бұл ретте Салым бойынша сыйақы Шартта қарастырылған тәртіпте қайта саналады және есептеледі.

#### **9. Банктің Жинақ шотын жабуы.**

9.1. Осы Салым шартының күші Салымшыға Салым сомасы қайтарылғанда және ол бойынша Сыйақы төленгенде тоқтатылады.

9.2. Банк Салым шартын Жалпы талаптарда немесе ҚР заңнамасында қарастырылған жағдайларда және негіздер бойынша орындаудан бас тартуға құқылы. Банк Клиентке Шартты орындаудан бас тарту туралы хабарламаны Банкте бар мекенжай немесе телефон бойынша, электронды түрде поштаға (Клиенттің электронды пошта адресіне, SMS-хабарлама арқылы) жолдайды.

9.3. Жинақ шотына қойылған орындалмаған талаптар болған жағдайда немесе мүлікке иелік етуді уақытша шектеу туралы күші жойылмаған акттер, уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) лауазымды тұлғалардың банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері, сондай-ақ Клиенттің банктік шотындағы ақшаға тыйым салу туралы акттер болған жағдайда Банк тарапынан да, Клиент тарапынан да Шартты орындаудан бір жақты тәртіпте бас тартуға жол берілмейді, бұған Клиенттің Шотында бір жылдан аса қаражат болмаған жағдайлар жатпайды.